

## "Атакент" еркін сауда аймағының мәселелері

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 23 тамыз 1994 ж. N 950. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

Қазақстан Республикасы Президентінің "Атакент" еркін сауда аймағы туралы " 1994 жылғы 18 сәуірдегі N 1663 Жарлығын орындау үшін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Мыналар бекітілсін:

"Атакент" еркін сауда аймағының Әкімшілік кеңесі туралы Ереже;

< \* >

*Ескерту. 1-ші тармақтың 2-ші абзацы алынып тасталды - ҚРМҚ-нің 1995.10.13. N 1327 қаулысымен.*

2 . < \* >

*Ескерту. 2-ші тармақ алынып тасталды - ҚРМҚ-нің 1995.10.13. N 1327 қаулысымен.*

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан іскерлік ынтымақтастық орталығы "Атакент" акционерлік қоғамы акцияларының мемлекеттік пакетін еркін сауда аймағы қызмет атқаратын мерзімінің ішінде басқару және пайдалану құқығын "Атакент" еркін сауда аймағының Әкімшілік кеңесіне белгіленген тәртіппен табыс етсін.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі "Атакент" еркін сауда аймағының Әкімшілік кеңесінің қатысуымен бір ай мерзімде кеден бөлімшелері мен пункттерін құрсын, әрі олардың қызметінің және оларды ұстаудың тәртібін анықтасын.

Қазақстан Республикасының

*Премьер-министрі*

Қазақстан Республикасы  
Министрлер Кабинетінің  
1994 жылғы 23 тамыздағы  
N 950 қаулысымен  
Бекітілген

"Атакент" еркін сауда аймағының Әкімшілік  
кеңесі туралы

**ЕРЕЖЕ**

**I. Жалпы ережелер**

1. "Атакент" еркін сауда аймағының (бұдан былай - "Атакент" ЕСА) Әкімшілік кеңесі осы еркін сауда аймағының дамуы мен қызметі үшін жауап беретін оның аумағындағы жоғары басқару органы болып табылады.

Әкімшілік кеңес "Атакент" ЕСА құрылымдық бөлімшелерінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарымен, сондай-ақ шаруашылық жүргізуші және өзге субъектілер, олардың ішінде "Атакент" ЕСА аумағында тіркелген және қызмет атқаратын субъектілермен өзара қарым-қатынасын реттеуге жәрдемдеседі.

2. Әкімшілік кеңес өз қызметінде Қазақстан Республикасы Президентінің "Атакент" еркін сауда аймағы туралы" 1994 жылғы 18 сәуірдегі N 1663 Жарлығында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің басқа да шешімдерін, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

3. Әкімшілік кеңестің негізгі міндеттері:

"Атакент" ЕСА дамуының негізгі бағыттарын әзірлеу және оларды жүзеге асыру тетіктерін анықтау;

"Атакент" ЕСА аумағында халықаралық маңызы бар біртұтас сауда экономикалық және экспозициялық-ақпараттық кешен құру, әрі осы мақсат үшін белгіленген тәртіппен отандық және шетелдік инвестициялар мен кредиттерді тарту;

"Атакент" ЕСА аумағында тіркелген және қызмет атқаратын шаруашылық жүргізуші және өзге субъектілерге өзара тиімді іскерлік ынтымақтастық орнатуға, тауар ресурстарының келіп түсуін молайтуға және өнеркәсіптік-технологиялық кооперацияны жолға қоюға жәрдемдесетін жағдай туғызылуын қамтамасыз ету;

нау-хау, озық технологиялар енгізуге, өнімдер шығаруға бағдарланған өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы және басқа өндірістерді дамыту жобаларына сараптамалар ұйымдастыру;

ұйымдастыру тәжірибесін дәйектеу, жинақтау және оларды республиканың басқа өңірлерінде қолдану үшін нарықтық қатынастардың экономикалық-құқықтық нормаларын жетілдіру;

"Атакент" ЕСА аумағында инжиниринг, ақпарат, консалтинг, маркетинг және өзге сервис қызметін қамтитын қызмет көрсету индустриясын ұйымдастырып, дамыту болып табылады.

4. Әкімшілік кеңес барлық шаруашылық жүргізуші және өзге субъектілермен, соның ішінде "Атакент" ЕСА аумағында тіркелген және қызмет атқаратын субъектілермен өзінің қарым-қатынасын шарттардың негізінде құрады.

## **II. Әкімшілік кеңестің негізгі функциялары**

5. "Атакент" ЕСА Әкімшілік кеңесі өзінің негізгі міндеттеріне сүйеніп:  
"Атакент" ЕСА дамуының ағымдағы және перспективалық бағдарламаларын  
әзірлеу мен жүзеге асыруды қамтамасыз етеді;  
"Атакент" ЕСА бюджетін қарап бекітеді;  
"Атакент" ЕСА мен оның құрылымдық бөлімшелерінің қызметіне басшылық  
етеді ;  
( бесінші абзац ) < \* >

"Атакент" ЕСА-ын дамыту, оның объектілерін қайта жаңарту мен салу үшін  
отандық және шетелдік инвестициялар мен кредит қаражатын тарту жөніндегі  
жұмысты ұйымдастырады ;

"Атакент" ЕСА қорларын және басқа қаржы ресурстарын құру мен пайдалану  
жөнінде шешім қабылдайды ;

шаруашылық жүргізуші және өзге субъектілердің "Атакент" ЕСА бюджетіне  
алымдар мен төлемдерді уақтылы енгізуін қамтамасыз ету жөнінде шаралар  
қолданады ;

мемлекеттік және басқа органдарда "Атакент" ЕСА-ның мүддесін білдіреді,  
мемлекеттік органдарға "Атакент" ЕСА қызметінің экономикалық және  
құқықтық режимін өзгерту жайында ұсыныстар енгізеді;

"Атакент" ЕСА аумағындағы мемлекет меншігіндегі объектілерді мемлекет  
иелігінен алу мен жекешелендіру жөнінде Қазақстан Республикасының  
Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетіне ұсыныстар енгізеді;

"Атакент" ЕСА аумағында табиғат қорғау қызметін ұйымдастырады және  
тарихи-мәдени құндылықтардың сақталуын қамтамасыз етеді;  
өз қызметін "Атакент" ЕСА бюджетінің есебінен жүзеге асырады.

*Ескерту. 5-ші тармақтың бесінші абзацы алынып тасталды -  
ҚРМҚ-нің 1995.10.13. N 1327 қаулысымен .*

### **III. Әкімшілік кеңестің құзыреті**

6. Өзіне жүктелген функцияларды орындау үшін Әкімшілік кеңестің:

"Атакент" ЕСА-ның аумағында өзін өзі ақтау мен өзін өзі қаржыландыру  
принциптері негізінде қызмет атқаратын құрылымдық бөлімшелер, дербес  
ұйымдар, оның ішінде шетел капиталы қатысатын ұйымдар жасақтауға;

"Атакент" ЕСА аумағында тіркелген және өзі қызмет атқаратын шаруашылық  
жүргізуші және өзге субъектілерден ағымдағы және перспективалық  
бағдарламаларды әзірлеуге қажет жекелеген анықтамалық материалдар мен  
ақпаратты сұратып алдыруға ;

"Атакент" ЕСА-ның қатысуымен жүзеге асырылатын аса маңызды

проблемалары мен жобалар бойынша үйлестіру, ғылыми-техникалық және сараптау комиссиялары мен топтарын құруға;

"Атакент" ЕСА аумағында тіркелген және өз қызметін жүзеге асыратын шаруашылық жүргізуші және өзге субъектілер басшыларының ЕСА дамуының бағдарламалары мен жобаларын жүзеге асыру, олардың қабылдаған міндеттемелерін орындау жөніндегі мәселелер бойынша есептерін тыңдауға;

шаруашылық жүргізуші және өзге субъектілердің табиғатты пайдалану және айналадағы орта мен инфрақұрылым объектілерін қорғау ережелерін сақтауына бақылауды жүзеге асыруға;

ЕСА аумағында тіркелген және қызмет атқаратын шаруашылық жүргізуші және өзге субъектілердің қаржы-шаруашылық қызметіне белгіленген тәртіппен тиісті бақылаушы органдарды қатыстыру арқылы бақылау мен тексеруді жүзеге асыруға;

"Қазақстан Республикасының заңдарын, "Атакент" ЕСА-ның нормативтік актілерін, құрылтайшы құжаттар мен контракттарда баянды етілген міндеттемелерді, сондай-ақ осы Ережені бұзған жағдайда шаруашылық жүргізуші немесе өзге субъектінің қызметінің жекелеген түрлерін кідірту, тыйым салу немесе бүкіл қызметін доғарту туралы шешім қабылдауға құқығы бар.<\*>

Әкімшілік кеңестің шешімі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тәртіппен жойылуы мүмкін.

*Ескерту. 6-шы тармақтың сегізінші абзацындағы сөздер алынып тасталды - ҚРМҚ-нің 1995.10.13. N 1327 қаулысымен.*

7. Әкімшілік кеңес шаруашылық жүргізуші және өзге субъектілердің шаруашылық, қаржы және өзге қызметіне, егер бұл қызмет "Атакент" ЕСА аумағында қолданылатын Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмесе, араласа алмайды.

8. Әкімшілік кеңес "Атакент" ЕСА аумағында тіркелген және шаруашылық қызметті жүзеге асыратын шаруашылық жүргізуші және өзге субъектілерге Қазақстан Республикасы Президентінің "Атакент" еркін сауда аймағын құру туралы" 1994 жылғы 18 сәуірдегі N 1663 Жарлығына сәйкес ынталандыратын жағдайлар туғызу мен жеңілдіктер беру тәртібін, сондай-ақ шаруашылық жүргізуші және өзге субъектілерге Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жалға жер беру құқығын табыстау тәртібін анықтайды.

#### **IV. Әкімшілік кеңестің қызметін ұйымдастырудың негізгі мәселелері**

9. Әкімшілік кеңеске Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайтын Төраға басшылық етеді.

Әкімшілік кеңес төрағасының үш орынбасары болады.

Әкімшілік кеңес мүшелерінің арасындағы міндеттерді Төраға бөледі және бекітеді.

10. Әкімшілік кеңестің төрағасы "Атакент" ЕСА-на жүктелген міндеттер мен функциялардың орындалуы үшін жеке дара жауап береді, төраға орынбасарларының және құрылымдық бөлімшелер басшыларының ЕСА қызметінің жекелеген бағыттарына басшылығы үшін жауапкершілік деңгейін белгілейді.

Әкімшілік кеңестің төрағасы:

өз құзырының шегінде оған бағынысты барлық құрылымдардың орындауы үшін міндетті бұйрықтар шығарып, нұсқаулар береді;

өзінің орынбасарларын, әкімшілік кеңестің құрылымдық бөлімшелерінің басшыларын және олардың орынбасарларын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

атқарушы дирекцияның және басқа бөлімшелердің штатын, құрылымын, еңбекке ақы төлеу шарттарын бекітеді;

оның Қазақстан Республикасының заңдарына және осы Ережеге сәйкес басқа да құқықтары болады.

11. Әкімшілік кеңесі 11 адамнан құрылады, оның құрамына Төраға мен оның лауазым бойынша орынбасарлары, "Атакент" ЕСА аумағында тіркелген және өз қызметін жүзеге асыратын шаруашылық жүргізуші және өзге субъектілердің басшылары, әрі мемлекеттік басқару органдарының өкілдері кіреді.

Әкімшілік кеңестің дербес құрамын Әкімшілік кеңес төрағасының ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті бекітеді.

12. Әкімшілік кеңесті қажетіне қарай, бірақ кемінде тоқсанына бір рет төраға немесе оның тапсыруы бойынша орынбасарларының бірі шақырып отырады. Кеңестің мәжілісіне қажет болған жағдайларда талқыланып отырған мәселелерге тікелей қатысы бар шаруашылық жүргізуші және өзге субъектілердің, мемлекеттік органдардың басшылары, ғалымдар мен мамандар қатысады.

Әкімшілік кеңестің мәжілістерінде қаралған мәселелер қаулымен ресімделеді және кеңес мүшелерінің үштен екісі жақтап дауыс берген жағдайда шешім қабылданды деп саналады.

Әкімшілік кеңестің өз құзырының шегінде қабылдаған шешімдері ЕСА аумағында тіркелген және өз қызметін жүзеге асыратын барлық шаруашылық жүргізуші және өзге субъектілердің орындауы үшін міндетті.

13. "Атакент" ЕСА-ның басқарушы жұмыс органы Әкімшілік кеңес жасақтайтын атқарушы дирекция болып табылады.

Атқарушы дирекцияға бас директор басшылық етеді, ол сонымен қатар Әкімшілік кеңес төрағасының бірінші орынбасары болып табылады.

Атқарушы дирекцияның және бас директордың құқықтары мен міндеттерін  
Әкімшілік кеңес бекітетін Ереже анықтайды.

14. Әкімшілік кеңес пен шаруашылық жүргізуші және өзге субъектілер  
арасындағы даулар Қазақстан Республикасының сот және төрелік сот  
органдарында немесе тараптардың уағдаласуы бойынша аралық сотта қаралады.

15. "Атакент" ЕСА Әкімшілік кеңесінің есеп айырысу шоты, қазақ және орыс  
тілдерінде өз атауы жазылған мөрі болады.

Қазақстан Республикасы  
Министрлер Кабинетінің  
1994 жылғы 23 тамыздағы

№ 950 қаулысымен

Бекітілген

**"Атакент" еркін сауда аймағы аумағында шаруашылық  
жүргізуші субъектілерді тіркеу тәртібі туралы  
Ереже**

*Ескерту. Бұл Ереженің күші жойылған - ҚРМК-нің 1995.10.13.  
№ 1327 қаулысымен.*